

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапонияның Үкіметі арасындағы Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің 2-бабы 2-тармағының g тармақшасы бойынша ұғымды түсіндіруге қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапонияның Үкіметі арасындағы ноталар алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 657 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапонияның Үкіметі арасындағы Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің 2-бабы 2-тармағының g тармақшасы бойынша ұғымды түсіндіруге қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапонияның Үкіметі арасындағы ноталар алмасу нысанындағы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Қанат Алдабергеновтың Бозымбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапонияның Үкіметі арасындағы Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің 2-бабы 2-тармағының g тармақшасы бойынша ұғымды түсіндіруге қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапонияның Үкіметі арасындағы ноталар алмасу нысанындағы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

3

қ а р а ш а д а ғ ы

№

6 5 7

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Ж о ғ а р ы м ә р т е б е л і ,

Мен, Жоғары Мәртебелі Сізден мынадай мазмұндағы Нотаны бүгінгі күні алғанымызды растауды құрмет санаймын:

« Ж о ғ а р ы м ә р т е б е л і ,

Мен Токиода 2010 жылғы 2 наурызда қол қойылған Жапонияның Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Атом энергиясын бейбіт мақсатта

пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім)
с ү й е н у д і к ұ р м е т с а н а й м ы н .

Мен Жапония Үкіметінің атынан Келісімнің 2-бабының 2-тармағы g)
тармақшасының ережелеріне мынадай ұғымды ұсынуды құрмет санаймын:

1. Жобалау, салу және пайдалану, сондай-ақ тұз ерітіндісіндегі реакторлар
қауіпсіздігі саласындағы жоба.

2. Жоғарыдағы 1-тармақта айқындалатын осындай қызмет Келісімнің 2-бабы 2-
тармағының g) тармақшасына сәйкес ынтымақтастық ретінде Келісімге сәйкес
жүргізілетіндігі расталады.

Мен бұдан әрі осы Нота мен Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жоғарыда
аталған ұсыныстың қабылдануын растайтын Жоғары мәртебелі Сізден келген жауап
Нотаңызды алған күні күшіне енетін екі Үкімет арасындағы келісім ретінде қаралуын
ұсынуды құрмет деп білемін.

Жоғары Мәртебелі Сізге аса зор ілтипатпен өз растауымызды білдіру үшін осы
жағдайды пайдаланып отырмын.»

Бұдан әрі, мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жоғарыда аталған
ұсыныстың қабылдануын растауды және Жоғары мәртебелі Сіздің Нотаңыз бен осы
Нотаны алған күннен бастап күшіне енетін, екі Үкімет арасында келісім жасасу деп
қаралатынына келісуді құрмет санаймын.

Жоғары Мәртебелі Сізге аса зор құрметпен өз растауымызды білдіру үшін осы
жағдайды пайдаланып отырмын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 6 ж ы л ғ ы 3 қ а р а ш а д а ғ ы

№ 6 5 7 қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Ж о ғ а р ы м ә р т е б е л і ,

Мен Токиода 2010 жылғы 2 наурызда қол қойылған Жапонияның Үкіметі мен
Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Атом энергиясын бейбіт мақсатта
пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім)
с ү й е н у д і к ұ р м е т с а н а й м ы н .

Мен Жапония Үкіметінің атынан Келісімнің 2-бабының 2-тармағы g)
тармақшасының ережелеріне мынадай ұғымды ұсынуды құрмет санаймын:

1. Жобалау, салу және пайдалану, сондай-ақ тұз ерітіндісіндегі реакторлар
қауіпсіздігі саласындағы жоба.

2. Жоғарыдағы 1-тармақта айқындалатын осындай қызмет Келісімнің 2-бабы 2-
тармағының g) тармақшасына сәйкес ынтымақтастық ретінде Келісімге сәйкес
жүргізілетіндігі расталады.

Мен бұдан әрі осы Нота мен Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жоғарыда аталған ұсыныстың қабылдануын растайтын Жоғары мәртебелі Сізден келген жауап Нотаңызды алған күні күшіне енетін екі Үкімет арасындағы келісім ретінде қаралуын ұсынуды құрмет деп білемін.

Жоғары Мәртебелі Сізге аса зор құрметпен өз растауымызды білдіру үшін осы жағдайды пайдаланып отырмын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ